# БОС ОРЫНДАР ЖӘРМЕНКЕСІ-2021

2021 жылдың 27 сәуірінде физика-техникалық факультетінде онлайн форматта Microsoft Teams платформасында жыл сайынғы"Бос орындар жәрмеңкесі" өтті. Іс-шараны мансап және бизнес-серіктестік бөлімі физика-техникалық факультетімен бірлесіп ұйымдастырды.




"Бос орындар жәрмеңкесі-2021" жұмысына "Ғарыштық техника және технологиялар", "Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар", "Техникалық физика", "Жалпы және теориялық физика" және "Ядролық физика, жаңа материалдар және технологиялар халықаралық кафедрасы" мамандықтарының бітіруші курс студенттері, магистранттары мен докторанттары қатысты. Жұмыс берушілер ретінде ҰАК" АҚ "Қазатомөнеркәсіп" PR менеджеріЯмалтдинова Айгуль, АҚ АСТЕЛ мамандарды даярлау бөлімінің маманы Дюсембаева Меруерт, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ШЖҚ МКК "Жоғары көлік және коммуникация колледжінің" кадр бөлімінің меңгерушісі Куатова Лаура Советовна, Tamos Space School академиялық директорыЭльвира Самсонова, Казталов аудандық білім беру бөлімінің басшысы Джангереева Самал Канапиевна, ЖШС "Қазмедиа орталығы" басқарушы компаниясы" менеджері Смаилова Нагима Омарбековна, ТОО Р-ПРОДАКШН Love Radio директоры Әнуар Аида, ЖШС Клокстер- дамыту директоры Базилов Даурен Мергенович қатысты.




Жұмыс берушілер мен түлектер атына академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Қашхынбай Байжұман Балтабайұлы және факультет деканы Нурмолдин Ерік Ерсалынович құттықтау сөз сөйледі. Іс-шараға қатысушыларға университет ректоры Сыдықов Ерлан Батташұлының және оқу ісі жөніндегі проректор Оңғарбаев Еркін Әнуарұлының құттықтау сөздері ұсынылды.




Кездесу барысында жұмыс берушілер өздері ұсынатын ұйымдар туралы, бос жұмыс орындары және бос лауазымдарға үміткерлерге қойылатын талаптар туралы ақпарат берді.




Сонымен қатар, жұмыс беруші ретінде өз мансабын табысты құрған факультет түлектері өз тәжірибелерімен бөлісіп, университет қабырғасында алған қандай дағдылар мен білімдері олардың жетістікке жетуіне көмектескендері туралы айтып берді.




Кездесу соңында факультет басшылығы бітіруші курс студенттеріне, ұйым өкілдеріне "Бос орындар жәрмеңкесіне-2021"белсенді қатысқаны үшін алғыс білдірді.







Физика-техникалық факультетінде болашақта табысты мансап құру, студенттер мен түлектерге мансаптық траекторияны тиімді жоспарлауға және кәсіби қызметте өзін-өзі сәтті жүзеге асыруға ықпал ететін орта құру үшін студенттерге көшбасшылық және әлеуметтік маңызды дағдыларды игеруде жан-жақты қолдауды қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізілетінін атап өткен жөн. Жыл сайынғы" Бос орындар жәрмеңкесі " түлектердің жұмысқа орналасуына жәрдемдесу бойынша қызмет бағыттарының бірі болып табылады.